

Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің "Есім" елді мекеніндегі шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 722 қаулысы

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 16 қарашадағы № 658 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің "Есім" елді мекеніндегі шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. "Тарбағатай ауданының Ойшілік ауылдық округінің "Есім" елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Тарбағатай ауданының әкімдігінің әкімдігінің 2014 жылғы 26 тамыздағы № 372 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 3497 болып енгізілген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.Жақаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д.Оразбаев

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы Министрлігі
ветеринариялық бақылау және қадағалау
комитеті Тарбағатай аудандық
аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б.Қажыкенов

"30" желтоқсан 2015 жыл

"Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігінің

Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау комитеті Шығыс Қазақстан

облысы Тұтынушылардың құқықтарын

қорғау департаментінің Тарбағатай

аудандық тұтынушылардың құқықтарын

*қорғау басқармасы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы
"30" желтоқсан 2015 жыл*

Д.Харина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК